

**Жұмыссыздарды кәсіби даярлауды ұйымдастыру туралы ережені бекіту және Қазақ ССР Министрлер Кабинетінің 1991 жылғы 19 маусымдағы N 383 қаулысының күші жойылды деп тану туралы <\*>**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 23 маусым N 836. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2001.06.19. N 836 қаулысымен. ~P010836

"Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998-2000 жылдарға арналған іс-қимыл бағдарламасын жүзеге асыру жөніндегі шаралардың жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 19 ақпандағы N 119 қаулысын орындау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Жұмыссыздарды кәсіби даярлауды ұйымдастыру

туралы ереже бекітілсін.

<\*>

ЕСКЕРТУ. Атауындағы, 1-тармақтағы сөздер ауыстырылды - ҚР Үкіметінің 2000.04.10. N 544 қаулысымен.

P000544\_

2. "Босатылған қызметкерлер мен жұмыспен қамтылмаған халықты даярлауды, біліктілігін арттыруды және қайта даярлауды ұйымдастыру жүйесі туралы" Қазақ ССР Министрлер Кабинетінің 1991 жылғы 19 маусымдағы N 383 қаулысының күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
1999 жылғы 23 маусымдағы  
N 836 қаулысымен  
бекітілген

ЕСКЕРТУ. Атауы, кіріспе, 1-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің

2000.04.10. N 544 қаулысымен.

P000544\_

Жұмыссыздарды кәсіби даярлауды ұйымдастыру туралы

Ереже

<\*>

Осы Ереже жұмыссыздарды кәсіби даярлауды, біліктілігін арттыруды және қайта даярлауды ұйымдастырудың және қаржыландырудың жалпы тәртібін белгілейді. <\*>

## 1. Жалпы ережелер

1. Жұмыссыздарды кәсіби даярлау, біліктілігін арттыру және қайта даярлау (бұдан әрі - жұмыссыздарды кәсіби оқыту") азаматтарды тиімді, ерікті қалаған жұмысымен қамтуды қамтамасыз етуге, кәсіби шеберлігін арттыруға, нарықтық экономика жағдайында кадрлардың бәсекелестік қабілетін, олардың кәсіби ұтқырлығын және әлеуметтік қорғалуын күшейтуге мүмкіндік туғызуды талап етеді. <\*>

### 2. Жұмыссыздарды кәсіптік оқыту:

1) мамандығы жоқ, мамандық алғысы және осы мамандықтар бойынша еңбек еткісі келетін адамдарды даярлауды (бастапқы оқыту);

2) егер оларға өздеріндегі кәсіптер (мамандықтар) бойынша қолайлы жұмыс ұсыну мүмкін болмаса, не олар бұл кәсіптері (мамандықтары) бойынша жұмыстарды атқару қабілетін жоғалтқан болса азаматтарды жаңа кәсіптерге (мамандықтарға) оқыту мақсатында мамандарды қайта даярлауды (қайта оқыту);

3) азаматтардың кәсіптері (мамандықтары) бойынша білімдерін, іскерліктері мен дағдыларын жетілдіру кәсіптік деңгейі мен құзыреттілігін арттыру жаңа функционалдық міндеттерді, алда тұрған еңбек қызметінің ерекшеліктерін игеру, нарықтық экономикалық қатынастарды, кәсіпкерлікті және басқа да мәселелерді зерделеу мақсатында мамандардың біліктілігін арттыруды қамтиды.

## 2. Жұмыссыздарды кәсіптік оқытуды ұйымдастыру

### 3. Егер:

1) жұмыссыздың қажетті кәсіптік мамандығының болмауынан қолайлы жұмысты таңдау мүмкін болмаса;

2) жұмыссыздың кәсіптік дағдыларына жауап беретін жұмыстың болмауына байланысты мамандығын (біліктілігін) өзгерту қажет болса;

3) жұмыссыз бұрынғы кәсібі (мамандығы) бойынша жұмысты орындау қабілетін жоғалтса жұмыссыздарды кәсіптік оқытуға жіберу жүзеге асырылады.

4. Жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілеттік берілген орган (облыстық, қалалық, қалалардағы аудандық, аудандық деңгейлердегі, бұдан әрі - "жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілеттік берілген орган") жоспарланып отырған кезеңге арналған болжамды есептеулер мен еңбекті бағалауларды, еңбек рыногының білікті кадрларға деген сұранымын ескере отырып, жұмыссыздарды кәсіптік оқытуды ұйымдастыруға байланысты іс-шараларды жоспарлайды және жүзеге асырады.

5. Жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілеттік берілген орган жұмыс күші рыногымен, кәсіптер (мамандықтар) бойынша біліктілік деңгейіне қойылатын талаптармен, оқытудың мүмкіндіктерімен және шарттарымен, оқыту мерзімдерімен, тараптардың өзара міндеттемелерімен таныстыру мақсатында кәсіптік оқытуды қажет ететін жұмыссыздарға кәсіби консультациялар беруді жүргізеді.

6. Жұмыссыздарды кәсіптік оқыту білім жүйесіндегі оқу орындарында, оқу комбинаттарында, ұйымдарда жұмыс істейтін біліктілігін арттыру курстарында жүзеге асырылады, жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті орган олардың арасында жұмыссыздарды кәсіби оқыту үшін конкурстық негізде іріктеу жүргізеді. <\*>

Жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілеттік берілген орган кәсіптік оқытуды ұйымдастыруға арналған конкурсты өткізу кезінде: <\*>

1) білім беру мекемелерінің білім берудің мемлекеттік жалпы білім беру стандарттарын пайдалануын және тиісті білім беру лицензиясының болуын;

2) жұмыссыз деп танылған азаматтарды оқытуға тартылатын педагогикалық қызметкерлердің біліктілік деңгейі мен тәжірибесін;

3) кәсіптік оқытудың мерзімдерін;

4) оқыту бағдарламасын қамтамасыз ететін өндірістік базаның болуын;

5) оқытудың неғұрлым қолданымды құнын;

6) оқы курстарының жұмыс берушілердің жұмыс күшінің сапасына, сондай-ақ жұмыссыздарды кәсіптік даярлауға қоятын талаптарына бейімделу қабілетін;

7) білім беру мекемелерінің өндірістік практика өткізу үшін ақы төленетін жұмыс орындарын ұсынатын ұйымдармен тұрақты байланысын ескереді.

ЕСКЕРТУ. 6-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.04.10. N 544 қаулысымен. P000544\_

7. Жұмыссыздарды кәсіптік оқыту жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті орган, білім беретін ұйым, жұмыс беруші және жұмыссыз қатысушылары болып табылатын төрт жақты шарт негізінде жүзеге асырылады.

<\*>

ЕСКЕРТУ. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2000.04.10. N 544 қаулысымен. P000544\_

8. Жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілеттік берілген орган білім беру мекемелерінің оқу жоспарлары мен бағдарламаларды орындауын, оқыту мерзімдерінің сақталуын бақылайды.

9. Білім беру ұйымдары кәсіптік оқудағы жұмыссыздарды белгіленген тәртіппен оқудан шығаруды жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілеттік берілген органды алдын ала құлақтандыру арқылы жүргізеді. Жұмыссызды оқудан шығарған жағдайда білім беру мекемелері аталған жұмыссызды оқытқан уақыт үшін ақыны қайта есептеуді жүргізеді, бұл

ретте ұсынылған жұмыстар мен қызмет көрсетулердің іс жүзінде орындалған көлемі ғана ақы төлеуге жатады.

10. Жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілеттік берілген орган өз жұмысының есебін жүргізеді, оларды жасайды және орталық атқарушы органға ұсынады, жұмыстың жағдайы мен тиімділігіне ұдайы талдау жасайды, оны одан әрі жетілдіруге бағытталған іс-шараларды әзірлейді және іске асырады.

3. Жұмыссыздарды кәсіптік оқытуды қаржыландыру

<\*>

11. Жұмыссыздарды кәсіптік оқыту мемлекеттік бюджеттің қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Кәсіптік оқыту кезеңінде аз қамтамасыз етілген азаматтар қатарындағы жұмыссыздарға материалдық көмек беріледі.

<\*>

Оқығандар:  
Қобдалиева Н.  
Орынбекова Д.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК